

ПРЕСС РЕЛИЗ

2024 жылғы 13 желтоқсан күні Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен **«Барлығына қолжетімді сапалы білім»** Ұлттық баяндамасын іске асыру аясында Батыс Қазақстан өңірінің мектепке дейінгі ұйым мамандарымен тәжірибе алмасу өтті.

Педагогтердің кездесулерінің бірі Ақтөбе қаласындағы ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының базасында ұйымдастырылды. Бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Ж.Уркимбаева «Nursultan Alliance preschools" жеке меншік мектепке дейінгі мекемелер желісінің облыстық эксперименттік алаңның тәжірибесімен бөлісіп, слайд-презентациясын көрсетті.

Балабақшаның пәндік-дамыту ортасын ұйымдастыру бойынша «Балабақша - жайлы мекен» экскурсиясы өткізілді. Педагогтар баланың даралығын қолдауға және дамытуға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтармен танысты.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру аясында кездесудің қатысушылары тәрбиеші А.Имагамбетова ұйымдастырған жас аналар мектебінің зияткерлік ойынының үзіндісін тамашалады, тәрбиешілер Г.Дүйсенбі, А.Сәрсенбі мектепалды топта ұлттық құндылықты қимылды ойындар арқылы үйрету жолдарын көрсетті. «Әжемнің ғажайып ертегілері» жобалау іс-әрекетін тәрбиеші Г.М.Мырзабаева көрсетті.

Ойын технологияларын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту мақсатында қосымша білім беру педагогтары ағылшын тілі мұғалімі А.Сандыбай, логопед Ақгүл Данабекқызы өз жұмыстарын көрсетті.

"Жасыл балабақша" облыстық пилоттық жобасы аясында тәрбиеші Г.Досжанова балалардың танымдық, эксперименттік іс-әрекеттерін көрсетіп, олардың танымдық құзыреттерін дамыту, экологиялық тәрбие беру үшін жағдай жасау бойынша кеңес берді.

Шара соңында қатысушылармен кері байланыс жасалынып, қойылған сұрақтарына жауаптар берілді.

13 декабря 2024 года Актюбинским областным методическим центром в рамках реализации Национального доклада «Качественное образование, доступное для всех» проведена встреча педагогов по обмену опытом со специалистами дошкольных организаций Западно-Казахстанского региона.

Одна из встреч педагогов была организована на базе ясли-сада ТОО «NURSULTAN 7777» г. Актобе. Заведующая ясли-садом Уркимбаева А.Ж. поделилась опытом работы областной экспериментальной площадки сети частных дошкольных учреждений " Nursultan Alliance preschools " и показала слайд-презентацию.

По организации предметно-развивающей среды детского сада проведена экскурсия «Комфортный и безопасный детский сад». Педагоги ознакомились с трансформируемыми игровыми и тематическими зонами, направленными на поддержку и развитие индивидуальности ребенка.

В рамках реализации программы «Біртұтас тәрбие» участники встречи посмотрели фрагменты интеллектуальной игры школы молодых мам, организованной воспитателем Имагамбетовой А., воспитатель Сәрсенбі А. поделилась опытом организации и проведения национальных игр в предшкольной группе. Воспитатель Мырзабаева Г. продемонстрировала педагогический опыт по организации проектной деятельности школы «Әжемнің ғажайып ертегілері».

Использованием игровых технологий в развитии речи детей дошкольного возраста поделились педагоги дополнительного образования учитель английского языка А. Сандыбай, логопед Ақгуль Данабековна.

В рамках областного пилотного проекта «Зеленый детский сад " воспитатель Досжанова Г. продемонстрировала познавательную, экспериментальную деятельность детей, поделилась опытом работы по созданию условий для экологического воспитания детей, развития их познавательных компетенций.

В конце встречи была организована обратная связь с педагогами, даны ответы на поставленные вопросы.